

"Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 560 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 16 қазандағы N 276 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 қарашада N 4236 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.01.2021 № 4 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 5-бабына, 18-бабының 18) тармақшасына, "Тарих және мәдениет ескерткіштерін анықтау, есепке алу, мәртебе беру және мәртебесінен айыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 118 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 10992) бұйрығына, тарихи-мәдени мұра нысандарын жергілікті маңызы бар ескерткіш мәртебесінен айыру туралы тарихи-мәдени сараптама қорытындысына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 560 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 2484, 2008 жылғы 19 маусымдағы № 80-81 (15990) "Дидар", 2008 жылғы 19 маусымдағы № 92-93 (18526) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімінде:

осы қаулының қосымшасына сәйкес жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері мәртебесінен айырылсын;
мемлекеттік тілдегі 62, 194, 257, 259, 283, 290, 422, 466, 470, 474, 529, 534, 539, 553, 556, 572 тармақтары, орыс тіліндегі 62, 194, 258, 260, 284, 291, 423, 467,

471, 475, 529, 534, 539, 553, 556, 572 тармақтары алынып тасталсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2015 жылғы "16" қазандағы
№ 276 қаулысына
қосымша

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
Өскемен қаласы			
1	М. Шиляевтың арнайы жобасы бойынша салынған кәсіпкер М. Шиляевтың үйі, 1904 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	М. Горький көшесі, 68
2	Жазушы П.П. Бажов тұрған үй, XX ғасырдың басы	қ а л а құрылысы және сәулет	"Жастар" саябағы (бұрынғы Киров атындағы саябақ)
3	К.Н. Бруснецовтың бейіті, 1936 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	Ушанов қалалық зираты, Степное ауылына қарай трасса бойында
4	И.И. Манаповтың бейіті, 1919 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	Ушанов қалалық зираты, Степное ауылына барар трассаның бойында
5	Көпес үйі, XIX-XX ғасырлар қарсаңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Киров көшесі, 61
6	Қалалық монша, XX ғасырдың 50-жылдары	қ а л а құрылысы және сәулет	Белинский көшесі, 7
Семей қаласы			
7	"Евразия-Банк" ғимараты (бұрынғы Абай атындағы мәдениет училищесі), XIX ғасырдың екінші жартысы	қ а л а құрылысы және сәулет	Ибраев көшесі, 153
Бесқарағай ауданы			
8	Әулие Николайдың православие ауылдық храмы, 1900-1901 жылдар	қ а л а құрылысы және сәулет	Долонь аулының шығыс жақ шеті
Жарма ауданы			
9	Покров православие ауылдық храмы, XIX ғасырдың соңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Қаражал ауылы
Катонқарағай ауданы			

10	Покров православие ауылдық храмының қираған үйінділері (Оңтүстік - Батыс майданы әскери кеңесінің мүшесі Рыков оқыған бұрынғы мектеп), XIX ғасырдың соңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Катонқарағай ауылы (Алтай станицасының ауданы)
11	С. Торайғыров мұғалім болып жұмыс істеген мектеп ғимараты, 1907 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	Шыңғыстай ауылы, оңтүстік-шығыс шет
Көкпекті ауданы			
12	Әулие Николай православие ауылдық храмының қираған үйінділері, XIX ғасырдың соңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Үлкен Бөкен ауылы
13	Миссионерлік мектеп ғимараты, XIX ғасырдың соңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Преображенка ауылы
Тарбағатай ауданы			
14	Аңдамас мешіті, XIX ғасырдың ортасы - соңы	қ а л а құрылысы және сәулет	Қызыл Жұлдыз ауылы, ауыл орталығында
15	Жамбыл бюсті, 1985 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	Жамбыл ауылы, мектеп ғимаратының алдында
16	Шекарашы К. Лучко ескерткіші, 1930 жыл	қ а л а құрылысы және сәулет	Маңырақ ауылы, ауылдың орталығында